

МҒТАР 17.02.09

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp123-131](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp123-131)

Қ.М. Байтанасова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

БАЛАЛЫҚ ШАҚ: ДЕРБЕС САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Балалық шақ – адам баласының айнала қоршаған дүниені тани бастайтын кезеңі. Бұл адам өмірінің белгілі бір даму уақыты ғана емес, әр дәуірдегі, әр ұлт өкілдерінің әр текті әлеуметтік, мәдени, қоғамдық жағдай аясында қалыптасатын, ұлттың, халықтың келбетін, болашағын айқындайтын шақ. Әлеуметтанушылардың айтуынша, балалық шақ табиғи түрде өзінің болмысын жетілдіріп, қоғаммен белсенді қарым-қатынасқа түсіп отыратын қоғамның бір бөлігі. Балалық шақ - тарихтың өтуімен, әртүрлі мәдени-әлеуметтік аспектілерде ауысып отыратын құбылыс. Бұл кезең әлем халықтары әдебиетінде көптеген көркем туындыларға арқау болды. Мақаланың мақсаты - бала бейнесінің шындық өмірден алынып, көркем туындыдағы әлемге көшу арқылы қаламгердің өмір шындығын әлеуметтік орта мен дәуірге сай таңдап, саралану нысанын ашу. Сол арқылы көркем шығармадағы бала бейнесінен дербес тұлғаға биіктейтін толыққанды бейненің жасалуы жинақталады. Зерттеу нәтижесінде балалық кезеңде әлеуметтік ортаға бейімделе бастаған баланың белгілі бір өмір қағидаттарын, білім мен құндылыққа тиісті дағдыларды игеріп, жетілген тұлға болмысына айналу тәсілдері айқындалады. Ендеше, бала кейіпкер - әдеби шығарма кеңістігінде үнемі жетіліп отыратын динамикалы бейнеге айналады.

Кілт сөздер: балалық шақ, кезең, әлеумет, қоғам, тарих, орта, құндылық

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Кейіпкер проблемасын әдебиеттің кез келген жанрына қатысты айтуға болса да, кейіпкердің (тұлға) көріну ерекшелігі әр жанрда түрліше сомдалады. Автор жасаған қандай да кейіпкер өзінің қайталанбас дербестігімен танылу үшін, шығармада бірнеше шарттар сақталуы тиіс. Бұл ретте Жан Жак Руссо, М.Монтен, Н.Бердяев еңбектеріндегі тұлға, дербес бейне, кейіпкер деңгейлерін саралаулары назарға алынды. Тұлғалық қалыптасу (саналы әрекет иесі) философиялық тұрғыдан аксиосфералық деңгейге дейін өрлеуі Н.Гартман мен Н.Лосский зерттеулерінде дәйектелді. Француз персонализмінің жетекшісі Э.Мунье тұлғалық болмыстың жетілуіне еркіндік, жауапкершілік секілді қасиеттерді үстейді. Мемуар жанрын зерттеген Т.Колядич тұлғаның ішкі-сыртқы әлемді қатар тануын басты орынға қояды. Ал, қазақ зерттеушілері З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Б.Майтанов, Т.Есембеков кейіпкер өрісі, кейіпкер жүйесі мәселелерін негіздейді. Зерттеу еңбектерден шығатын қорытынды: кейіпкер бала кезінен өзінің мінез-болмысымен, әрекеттерімен ерекшеленуі шарт; екіншіден, оның бейнесі сол шығармадағы басты идея мен сюжеттің айқындалуына себеп болуға тиіс; үшіншіден, бұл кейіпкер дами келе, өз заманы үшін жинақтаушы бейне болуы мүмкін. Сонымен, кейіпкер шығарманы талдауда қажетті аса маңызды категория.

КІРІСПЕ

Әдебиеттану ғылымында балалық шақ тақырыбы тұлға мен ұлттың дербес санасының қалыптасып, санасыз, стихиялы сезімнен бөлінген тұсында пайда болды. Балалық шақ белгілі мағынасында дербес бір адамның өткеннің ең алыс шегі ретінде әдебиетте эпикалық сананы тудырады. Өзін-өзі танудың ең биігіне жеткен тұлға, өзінің өткенінен әлдебір жалғыздыққа қарама-қарсы, қазіргіден оқшауланған балалық шақты іздейді. Сөйтіп, балалық шақ жеке

адамның өзімен және айналамен үндестіктегі жаңа тақырыпқа айналады. Бұл әдебиеттің басты сипаты – адамтану міндетімен сәйкеседі. Адамның дербес, тұлғалық болмысын айқындау оның ортасын, мінез-сипатын, дербес болмысын анықтауға ұласады. Бұл тұрғыдан балалық шақ тақырыбы әдебиеттің ұлттық ерекшелігін тереңдетуге бастайды. Зерттеудің мақсаты – балалық шақ арқылы дербес болмысы орныққан тұлғаны танып-білудің әдіснамасын айқындап, көркем туындылар арқылы дәйектеу. Осы арқылы балалық шақ, адамның жеке бейнесі, қоғамдық кезең ерекшелігі, тұлғаның орнығуы секілді мәселелерді талдап, философия мен әлеуметтану ғылымдары ықпалдастығы негізінде саралап, адамның балалық кезеңінен дербес сана иесіне дейінгі жетілу эволюциясын теориялық-әдіснамалық және қолданбалы сипатын ашу міндеті көзделеді.

Кеңес дәуіріндегі әдебиетте балалық шақ мәселесі адамгершілік нысанға бағытталды. Әсіресе, жетім баланың тағдыры тамырынан үзілген тұтас елдің, халықтың бейнесін көрсетті. Адамзаттың өміріне зорлықпен енген тарихтың өзгерісі оларды ғасырлар бойы бекіген түбірінен, жері мен отбасынан айырды. Сөйтіп, өзге ел, жат жердің ауыртпалығы алдымен, баланың санасына әсер етті. Олар ертерек есеюге, өздерінің іс-әрекеттерін, мінез-қасиеттерін тезірек танытуға тиісті болды. Зерттеудің болжамы санасы жетілген, тұлғаның дербес болмысына деген бастау оның бала кезінен қаланады. Балалық шақтағы ой ұшқырлығы мен сана сергектігі адамның әрі қарайғы жетілуінде сақталып, ұлттың ментальді ерекшелігін айқындауда өзекті бола түседі.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мақалада зерттелген проблемалар әдебиет тарихымен, жанр түрлерімен, жекелеген көркем шығармалардың поэтикалық болмысымен сабақтас. Осы ретте, М. Бахтин («К методологии гуманитарных наук»), А.Потебня («Из лекций по теории словесности»), Л.Чернец («Литературные жанры: проблемы типологии и поэтики»), В.Кожин («Роман – эпос нового времени»); ұлттық әдебиеттануда Р.Нұрғали («Прозадағы драматизм»), Б.Майтанов («Қазақ романы және психологиялық талдау»), Т.Есембеков («Драматизм – и казахская проза»), Қ.Әбдезұлы («Тарих және тағдыр»), Е.Тілешов («Суреткер және көркемдік әдіс») зерттеулері мен Л. Толстойдың «Детство», И.Буниннің «Арсеньевтар өмірі», Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» туындылары негіз болды. Мақаладағы ғылыми тұжырымдар мен дәйектерді негіздеуде салыстыру, талдау, жинақтау, қорыту әдістері қолданылды. Зерттеу кезінде ғылыми тұжырымдар мен дәйектерді негіздеуде салыстыру әдісі, көркем мәтін арқылы дәлелдеу кезінде талдау, жинақтау әдістері, түйін-тұжырымдар негізінде қорыту әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Мақалада ХХ ғасырдағы қоғамдық-саяси ахуал мен мәдени-әдеби даму сипаты айқындалып, ел-жерінен алшақтаған (эмиграция) ұғымының мән-маңызы адамның тұрмыс-тіршілігі, бала санасы, мифтік таным, дербес тұлға, адамның жас кезеңі, балалық шақ эволюциясы арқылы дәйектелді.

ХІХ-ХХ ғасырлар көкжиегінде адамзаттың жедел есеюі, француз төңкерісі мен неміс романтизмін бастан кеше отырып, өздерінің бірқалыпты, қарапайым қалпын жоғалтып, қайта айналып келмес балалық шаққа деген сезімдерін күшейтті. Адам баласының бақытты балалық шағына деген сағыныш, элегиялық сарындағы ара қашықтық пайда болды. Адам жады (ес) - мәдениеттің негізі болғандықтан, ол өзінің өткенімен саналы қатынаста болады. Сол арқылы алыстағы құбылысқа баға беріледі. Бұл сәби шақтағы таным-түсінігі толыспаған, қорғансыз тіршілік иесінің табиғи ерекшелігі. Біз балалық шақ бейнеленген туындыларды саралағанда, осы бір жағдаяттың ортақ желісін аңғардық. Мәселен, Ч.Диккенс балалық шақтың отбасылық идилиясын бейнелесе, Марк Твен үй-күйсіз тұрмыстың шытырманды сәттерін суреттейді. Автор кейіпкері өзінің туған үйіне сыймайды. Ондағы тұйықталған кеңістік баланың шапшаң

мінезі үшін тарлық етеді. Мәтін мәнінің бейнелілік, шектеулілік, құрылымдылық сипаты бар дейтін болсақ, мәтін тек қарапайым баяндау ретін ғана білдірмейді. Мәтін – ұйымдасқан, тұтас құрылым ретіндегі мәдени құбылыс. Мәтінді филологиялық тұрғыда талдау әдеби және әлеуметтік-тарихи контекст аясында жүзеге асады.

Бала санасының құбылмалылығы оның іс-әрекеті мен психологиясынан аңғарылып отырады. Бұл әлі мән-жайға қаныға қоймаған, сөйте тұра өмірдің барша құбылысына еліге, қызыға жөнелетін, өзгергіш болмысын аңғартады. Бала табиғатындағы өзгеріс ересектерге, тұтас қоғамға ықпал етеді. Себебі баланың танымы әлеуметтік ортадағы өзгерістерді шапшаң қабылдап, өзінің көңіл-күйімен, әрекетімен ортаның бейнесін қалыптастырады. Балалық шақ - өмірдің бастауы болғандықтан, оның айналасындағы құбылыстар да жаңаланып, кемелденіп отыруы тиіс.

ТАЛҚЫЛАУ

Орыс әдебиетінде балалық шақ тақырыбы С.Аксаков, Ф.Достоевский, Л.Толстой, И.Бунин шығармаларында көтерілді. Л. Толстойдың «Детство» хикаяты алдыңғы қатарлы басылым «Современникте» жарияланғанда, ол 24 жаста еді. Өзінің алғашқы шығармасының ізінше жарық көрген «Отрочество», «Юность» қаламгердің үздік шығармасы болды [1]. Балалық, Іжасөспірімдік және жастық шақ туралы повестегі Николенька Иртенев барша орыс әдебиеті үшін жаңа көкжиек ашып берді. Сол кезеңде танымал бола бастаған сыншы Н. Чернышевский Толстойдың алғашқы жинағына пікір жаза отырып: жас жазушының көркемдік жаңалығының мәнін екі ұғыммен: «жан диалектикасы» және «адамгершілік сезімнің тазалығы» деген сөздермен білдіреді [2]. Психологиялық талдау реалистік өнерде Толстойға дейін де болған. Орыс прозасында М.Лермонтовта, И.Тургеневте, Ф.Достоевскийде кездесті.

Балалық шақ адамның саналы тірлікке қадам баса бастайтын кезі. Бұл кезең баланың болашағына, алдағы өміріне болжау жасайтын шақ. С.Аксаков, Л.Толстой, Н.Лесков, И.Бунин шығармаларында баланың ойыншығына мардымсыз орын беріледі. Осы техникалық жетістік саналатын бұйымдардың орнын табиғат, дала, аула, төрт түлік мал иемденеді. Бала кейіпкерлер ойыншықпен алданудың орнына жаратылысты, ондағы жанды, жансыз құбылыстарды бақылап, солардың әрекетін көңілдеріне түйеді. Ең алғаш рет орыс әдебиетінде баланың психологиялық ерекшелігі мен халықтың кейпі қатар жүруінің Л.Толстой романында орын алуы жайдан жай емес. Л.Толстойдың «ересек индивидтің» стереотипін бұзуы бірден екі бағытта жүргізілді: ересектен-балаға, дербестіктен-жалпыхалықтыққа. Л.Толстой өзінің кейіпкерлерін стихиялы ортаға, олардың пайда болуының табиғи негізіне әдейі қайтарып отырады. Себебі, балалық шақ пен халық ол үшін барша бастаудың негізі болады да, оның үстіне ересек санадан туған миф орнығады. Саналы әлем – «басқа өмір» сүретін әлем арқылы адамның таным көкжиегі кеңейеді [3, 439]. Осылайша Л.Толстой орыстың түрленген романтизмінің сабақтастығын сақтап, адамның саналы және санасыз, ересектік және бала сезімі диалектикасы арқылы романтиктерден асып, жаңа ХХ ғасырдың өнеріне өршіл қадам жасайды. Осы дәуірде Л.Толстойдың дәстүріне әлем әдебиеті аса назар аударды. Мәселен, инфантильді сананы бейнелеу М.Пруст пен Фолкнер туындыларында кездесті, алайда олардағы санасыздық өзінің барша тазалығымен, саналы әлеммен қатынасындағы сыннан ада кейіпте беріледі [4]. М.Пруст шығармасында балалық шақ бейнесі мен түс көру үнемі қабаттаса келеді де дүние метафоралық ассоциациялар, жартылай еске түсіру күйінде, яғни метафизикалық түрде беріледі. Ересек адам дәрменсіздік танытқан жерде баланың күні не болмақ. Алайда, балалық пен ұйқылы кейіптің арасында өзара терең туыстық бар. Екеуіндегі «мен» де ішкі және сыртқы әлемнен әлі ажырамаған күйде болуы заңдылық. Сәби өзінің көп уақытын ұйқыда өткізеді, сондықтан да адам өз өмірінің алғашқы жылдарын есіне қиындықпен түсіреді. Ғалым М. Бахтин эпосты анықтайтын белгі ретінде «алыс бейнені» («далевой образ»), өткенге ұмтылу және оны идеалдандыруды атайды [5, 95]. Л. Толстойда да, М.Пруста да балалық шақ мәселесі әлі қалыпқа келмеген, қойылмаған күйде беріледі. Осы

көркемдік эволюция ХХ ғасырға тән еді. Сонымен, М.Лермонтовша айтқанда балалық шақ бос мұхит ортасындағы керемет арал; Л.Толстойда бұл бетінде ересек адамның тұйықталған санасы қалқып жүрген мұхиттың өзі; ал М.Пруста тіпті аралдар да қалмайды, олар тарқатылған жіп-толқындарға айналып кетеді. Л. Толстойдың «Юность» хикаятында үйдің поэтикалық бейнесі қандай да бір тірі жан иесі ретінде көрініп, Иртеневті еске алып, күтеді. Алысқа ұзаған балалық шақпен бірге кеткен патриархалды өмір салтымен үндеседі. Сонымен бірге бұл үй кейіпкердің жаңа үмітін, сезім-күйімен, жақсы өмірмен жарастықтағы арманын оятады.

Қазан төңкерісін түсінбеген әрі мойындамаған И. Бунин 1920 жылдары Францияға кетеді. А. Твардовский бұл жөнінде: «Эмиграция Буниннің шығармашылығындағы трагедиялы белес болды. Ол өзі жан жүрегімен жақсы көретін Отанынан, орыс жерінен ұзақ уақытқа қол үзеді», - деп жазды [6, 119]. Қаламгердің шетелде туған шығармаларының ішіндегі мәндісі «Арсеньевтер өмірі» романы. Бұл кітаппен автор 1927-1938 жылдар аралығында жұмыс істейді. И.Буниннің туындысы ХІХ ғасырдағы орыс классикалық әдебиетіндегі өмірбаяндық шығармалармен үндеседі. Мәселен, Л.Толстойдың «Детство. Отрочество. Юность», С.Аксаковтың «Детские годы Багрова-внука» сияқты тамаша шығармалары болды. Тағдыр И. Бунинге орыс әдебиеті тарихында өмірбаяндық шығарма тудырған соңғы дворян-жазушысы болуды жазды.

Романның ұзақтығы шамамен жиырма төрт жылды қамтиды. Алайда, шығарманың хронологиялық шегі барынша кең, онда Арсеневтер әулетінің тегі мен тарихына саяхат жасалып, автор өткен мен қазіргінің арасын жалғап отырады. Тұтастай алғанда «Арсеньевтер өмірі» өзінің шығармашылық кезеңінде әрбір үлкен жазушы армандайтын, алайда кейбіріне ғана орындау бақыты тиетін «өмір жайлы кітап». Романда алғаш көзге түсетін көркемдік тәсіл - монолог. Басқа өмірбаяндық шығармаларда (Л. Толстой. «Детство. Отрочество. Юность», М. Горький «В людях», А. Толстой «Детство Никиты») бас кейіпкердің айналасындағы өзге бейнелер бірінші тараудан бастап көрінуге асықса, Бунинде әңгіме автор-баяншының өзі туралы ғана оқшау баяндауынан тұрады. Осыған байланысты жас сәбиге өмір бірте-бірте айқындалып, санасына орныға бастайды. Осындай өзді-өзімен сөйлесуден болар, Арсеневтің туғанынан гимназияға түсуіне дейінгі аралықты бейнелейтін алғашқы кітапта диалог жоққа тән. И.Бунин өзінің «Арсеньевтар өмірі» романының алғашқы тарауында-ақ өмір мен өлім мәселесін, олардың ара жігін ажыратпауда сәби шақтан артық қамсыз кезеңнің болмағаны туралы айтады. Бунинде бұл отанын жоғалту, туған жерінен, оның табиғатынан, ата-баба мекенінен қол үзу күйінде суреттеледі. Оның балалық шағындағы ең жиі сезгені - жалғыздық. Айналада адамдар жоқ, тек таусылмайтыны – *«аспанның түпсіздігі, даланың ұзақтығы»*. *Осы шақтың ішінде оның есінде тек жалғыздық сәттері ғана сақталып қалған. Мұнда балалықтың ең бір қымбат мәні жасырынған. Өзіңді бүкіл жарық дүниеде жалғыз сезінесің»*.

Балалық шақ - өмірдің бастауы, ендеше оның айналасындағылар да жаңадан басталу керек. Яғни, жерден, оның иісінен, гүлдерден. Балалық шақ тақырыбындағы негізгі концепт жермен, туған мекенмен байланысты. И. Бунин: *«У нас нет чувства своего начала и конца. И очень жаль, что мне сказали, когда именно я родился. Если бы не сказали, я бы теперь и понятия не имел о своем возрасте, - тем более, я еще совсем не ощущаю его бремени, - и, значит, был бы избавлен от мысли, что мне будто бы полагается лет через десять или двадцать умереть. А родись я и живи на необитаемом острове, я бы даже и о самом существовании смерти не подозревал. «Вот было бы счастье!» - хочется прибавить мне. Но кто знает? Может быть, великое несчастье. Да и правда ли, что не подозревал бы? Не рождаемся ли мы с чувством смерти? А если нет, если бы не подозревал, любил ли бы я жизнь так, как люблю и любил?»*. (Аудармасы: *«Біздің өз бастауымыз бен соңымыз туралы сезіміміз жоқ. Ал, маған менің қашан туғанымды айтып қойғандары қандай өкінішті. Маған ол туралы айтпағанда зой, менің қазір өз жасым туралы түсінігім болмас еді. Әрі мен қазір оның ауыртпалығын сезінбеймін де. Сонда қазір мен тура он немесе жиырма жылдан кейін өлетінім туралы ойдан арылар едім. Тіпті жан аяғы баспаған аралда туғанда зой. Мен тіпті өлімнің бар екеніне де күмәнданар едім. «Міне, бақыт деп осыны айт!» дегенді қосқым келеді.*

Алайда, кім білсін? Мүмкін бұл үлкен бақытсыздық шығар? Біз өлімді сезіне отырып туамыз ба? Ал, егер олай болмаса, мен өмірді соншалықты сүйе алар ма едім» [7, 109]. Осындай қайшылықты ойдың тартысынан басталатын шығармада автордың философиялық дүниетанымы байқалады. Сондай алаңсыз сәттің тез арада өтіп кеткеніне қынжылу бар. И.Буниннің бұл шығармасын бірқатар зерттеушілер Марсель Прустың «В поисках утраченного времени» кітабымен салыстырады. Шынымен де Бунин «біздің жоғалтқан уақытымызды іздейді».

Жазушы Қ. Жұмаділов «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романында бала кезіндегі көңілінде жатталған көріністің байыбына өзінше бойлайды: *«Жасы төртке қараған шағында төңірегін зорға байқаған бала, әрине, зеректермен таласа алмайды. Әйтсе де, соғымға сойылған сол боз бие мен ауылдағы аппақ қар, оның бетіне қызғалдақтай шашылған қызыл ала қан бертінге дейін менің есімнен шықпай жүрді. Кейде сол суретті түсімде көретінмін. Көңілімде неше алуан сұрақтар туады. «Менің сыртқы дүниені алғаш қабылдауым, басқа көрініс құрып қалғандай, қып-қызыл қаннан басталған несі деймін ішімнен. Бұл ненің нышаны? Ненің жоралғысы?»* [8, 19] Әрине, бала ең алдымен өзіне жақын қашықтықтағы, таныс құбылыстардан бастап, өз түсінігін қалыптастырады. Аксаков пен Буниннің баяндауларындағы балалар өздерінің ата-бабалары жайлаған байырғы қоныстарында дүниеге келіп, оң мен солын тани бастау арқылы, сол бабаларының көне дәстүрін, түсінігін бойларына сіңіреді. Олардың көз алдындағы білетін, таныла бастаған құбылыстар да көкейлеріне тез қонады. Осыдан бала кейіпкерлердің өздерінің төл салтына, тегіне деген сенімі орнықты. Яғни, балалық шақ деп дербес бөліп алатын кезең болған жоқ. Олар айналасындағы болып жатқан қым-қиғаш тірліктің болмысын үлкендермен қатар танып, білуге тиіс болды.

Метафизикадағы - дүниетанымның күрделілігі мен кеңдігіне, адамзат тұрмысының бар саласына тән - құдай мен адам, жан мен тән, қасиет пен күнә, өмір мен өлім, еркіндік пен заң, тағдыр мен кездейсоқтық секілді ұғымдар әдебиетке еніп отырады. Әрине, әдебиетте бұл ұғымдар тікелей көрініп отырмайды. Көркемдік метафизика автордың субъективтік ойлауынан да терең жатады [9, 79]. Тарихтағы талай саяси оқиғалар адамды бостандықтан, туған ел-жерден айырды. Яғни, төңкеріс, қақтығыс, қуғын, теңсіздікке әкелді. Сондықтан адам баласына әріден басталған осы ұғымдардың төңірегінде әрекеттер жасап отырды. Жоғарыда келтірілген мысалдарда адамзаттың ежелден аңсары болған еркіндік пен тыныштық өмірді сағыну, туған жердің топырағын басып, алаңсыз тірлік кешу секілді қарапайым тұрмысты аңсау байқалады. Тіршілікке аса қажетті ұғымдардан ажыраған адамдар енді өткенге қайта оралғысы келеді. Артына қарайлай көшкен елді жолдың ұзақтығы, азықтың тапшылығы, даланың тірлік белгісін білдірмей безеруі, ұшқан құс пен жүтірген аңның болмауы оларды өздеріне етене жақын даладан үрейленуге әкелді. Ел-жұртынан, жақынынан айырылған кезде айтылатын *ежелгі зар, жоқтау, мұң-шер, өкініш, құдайға жалбарыну, қарғыс айту секілді аұрыптар* жаңғырады. Осы жағдайдың бәрі туған елден айырылудан соң туындады. Сөйтіп, ертеден адамзаттың танымына әбден жақын болған ұғымдар алыстап, оның қасиеті азайған кезде адам өткен мен болашақтың арасындағы дағдарыс кейпіне түседі. Енді көзден таса қалған көріністер жанданып, қазіргі кейпі, жағдайы керісінше, алыстай түседі. Адамға қазіргісінен өткені қадірлі, жақын бола түседі. Сөйтіп, өмір кеңістігіндегі нақты қабылдаудың тұрпаты өзгереді.

Бала санасында болатын беймәлім, белгісіз құбылыстарды білмекке ұмтылу, сәби санасында орныға бастаған әртүрлі жағдаяттарды сезу, қатты қуану, я қатты қорқу, өзіне таныс емес бейнеден үрейлену, түсінен шошу - осының бәрі өмірді жұмбақ, құпия ете түседі. Кейде осы сәттегі бейқам, алаңсыз, беймәлім шақтардың өзі адамға аса қымбат. Сондықтан да адамзат үнемі балалығына қайта оралып, оның ұмытылмас сәттерін жадында тоқып жүреді.

Кеңес әдебиетінде балалық шақ тақырыбына ерекше адамгершілік сипаттағы мән берілді. М. Шолоховта жиі бой көрсететін жетімдік тақырыбы тұтас елдегі өздерінің өткен тарихынан, ғасырлар бойы бекіген тамырынан жұлынған өмірінен көрініс береді.

Жазушының Мишатка, Ванюшка және басқа бала кейіпкерлері бала ортасына лайық тұтас әлемнен тысқары, яғни, отбасы дәстүрі мен тұрмыстық қалыпты жағдайдан тыс өмір

сүрді. XIX ғасырда Ресейде баланың өмірі мен дворяндық отбасы арасында айырмашылық болды. Дворяндық ортада мейірімді, сенімді, еркін қалып болса, үлкендердің ортасында дәрекілік, формализм мен суық орта сақталды. Л. Толстой өзінің автобиографиялық трилогиясында Николеньканың ашық, қамсыз балалық шақтан шыққаннан кейін, ересектер өміріне қадам басқанда, өзін жат, керексіз сезінетіні бар.

Туыстық жақындықтың әлсіреуі әдебиеттегі балалар тақырыбының басқа да аспектілеріне әсер етті. Мәселен, қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың жеті жасар кейіпкері («Ақ кеме») ересек адамдардың кикілжіңі, дәрекілігі көп ортасынан табиғатқа жақын болады. Бала кейіпкерге шөп, тас, ағаштар мен бұлақ-көлдер адамдардан гөрі көбірек жақсылық көрсетеді. Табиғаттың ортасы балаға мейірімділікті, өзгеге қамқор болуды, армандауды үйретті. Бұл шытырман оқиғалы, шындығы мен елесі, ертегісі аралас туынды сыйластық пен туыстық қатынастың ыдырағанын отбасы арқылы көрсетеді. Бір шаңырақтың астындағы жандардың өмірге, тіршіліктің мағыналылығына деген көзқарастары әр қилы еді. Сондықтан да бала ертегінің әлдиімен өседі. Олардың бірі өзінен басқа тірі жанға бергісіз сәби қиялынан туған; екіншісін атасы айтып берген. Сол атасы айтқан ертегідегі ғажайып шындыққа айналғандай болады: *«Баланың көңілі де жадырап сала берді. Әрине, қазір үйге келгенде қандай сойқанның үстіне шығары мұның үш ұйықтаса түсіне кірмейді. Атасының ертегісін тыңдап, алыс арманды ғажайып дүниеде келе жатыр. Ойпырм-ай, маралдар келген екен ғой? Мүйізді Бұғы ана бабаларымыздың жасаған кінәсін кешірген екен, ең ақырында өзінің ұрпақтарына баяғы атамекен Ыстықкөл тауларына оралуына рұқсат етіпті»* [10]. Бала өз ортасынан таппаған жылылықты ертегіден, қиялдан алады. Оған айналғандағы үлкендерден, атасынан басқасының қайғы-қасіретінен Бұғы ананың мұңы жақын: *«Мүйізді Бұғы ана баланың барлық жай-күйін танығандай оған мейірлене көз айырмай қадалып тұр. Көзі тостағандай, терең, тұңғыық. Баланы мүйізді Бұғы ананың адамша күрсінетіндігі аң-таң қалдырды. Көз қарасының өзі мұңды, қайғылы, өзінің атасындай шерлі көрінді»* [10, 28].

Жануарлар әлемі ежелден тіршілік иелерінің арасын дәнекерлеуші рөлін атқарған. Оның ішінде тылсым, зұлым да, адам баласына жақсылық ойлайтын, қамқор күштер де болған. Олардың адам баласының тірлігімен жақындығы соншалық, кейде табиғаттың жанды-жансыз құбылыстарының қасиет-болмыстары адами қалыпты бейнелеген. «Ақ кемедегі» бала кейіпкер өзен жағасындағы бұта, шөптерге «сүйкімді», «қорқақ», «батыр» деп ат қойып, өз достарындай көрсе, бұлтқа келгенде: «онда ақыл бар дейтінім сол, өйткені ол сенің ойыңдағыны табады. Бір аудан бұлт сол баяу қимылының өзінен неше түрлі ойыншықтардың суретін салады. Осының өзінен айнала дағдылы тірлікте баланың өз әлемі жоқ екендігін көрсетеді. Сол бос кеңістіктің орнын бала табиғаттан табады. Ол қиялы арқылы жансызға жан бітіреді, тіл қатысады, ойын бөліседі. Қайткенде баланың болмысы жаратылыспен үндесіп кеткен. Яғни баланың жеке әлемі, қауіпсіз ортасы, бейтаныс дүниеден қорғайтын кеңістігі болуы шарт [11, 156].

Архаикалық мифологияның орталық нысаны бұл-табиғат құбылыстарының ғажайып өзгерісі. Мәдениеттің өркендеуіне байланысты мифология дағдарысқа ұшырады. Теңгермелі мәдениет пен адамзат қауымдастығының құрылуы кезінде мифология байып, түрін өзгертті. Мифологиялық сюжеттер мен бейнелер тұрақтылығынан өзгеріп, ойдан шығарудың жемісі ретінде ертегілік-ойын сипатын иеленеді. Осы шарттылық «Ақ кеме» повесіндегі бала кейіпкердің жандүниесіне демеу болып, қиял мен шынайылықтың арасында өмір сүруге бейімдейді.

XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде М. Твен туындыларына ұқсайтын шығармалар болған жоқ. Том Сойер мен Гек Финн бейнелері америкалық топырақта туды. Мұнда қаңғыбастық пен еркін әрекетке мойынсұну орын алды. Ал орыс әдебиетінде егер бала кезбелікке салынса, ол еріккеннен емес, мәжбүрліктен туды. Оның құқығына қалыпты тұрмыс жағдайындағы шектеу себеп болды (Мәселен, М.Горькийдің кейіпкері). Ал, жайлы ортадан шыққан балалар мейірім мен сүйіспеншілікке бөленіп, тек анда-санда Америкаға қашу жоспарын құрып, ондағы еркін өмірге іштей қызығады (Чеховтің «Мальчики»). 1920-1930 жылдардағы орыс әдебиетінде неғұрлым көрнекті орынды Твен кейіпкерлеріне ұқсас бейнелер – сотқар, дәрекі,

еркін, батыл балалар алды. С.Аксаковтың кейіпкері өзінің қорқақтығын ашық түрде мойындайды [12]. Мұндай балаға Гайдар шығармаларынан орын берілмес еді. Сережа Багров үшін басты адамдық қасиет ол қайырымдылық, мейірім, сезімталдық пен ата-анаға деген сүйіспеншілік болды. А.Гайдардың Тимуры мен В.Катаевтың Гавригі үшін бұл қасиеттер онша мәнді бола қойған жоқ. Олар үшін бастысы ерлік, беймәлім нәрсеге деген құмарлық, қауіпке бойсұнбау, кез келген сынаққа әзір болу. Олар басбұзарлық пен тентектікке бейім болды. Мұның өзі тіршілік етудің, тірі қалудың бірден бір себебі еді. Олар қоғамдағы орын алған заңдарға саналы түрде қарсы шықпайды. Ересектерге таптық жау ретінде қарсы тұрмайды. Бар болғаны ерте есейді, қайшылықты ерте танып, түсінді. Ересектер өсіп келе жатқан баласының өзінен бір сүйем артық екенін мойындайды, оларға үміт артады. Енді бала, ұрпақ әкеден, атадан биіктей түсті. Үлкендер болса сол бір күнәсіз кезеңнің қайтып оралмайтынын ойлап, баласына қызығушылықпен, үмітпен қарады. Оларда өздерінің бір кездері жоғалтқан балалығына деген сағыныш жатты. Көркем шығармада төңкерістер мен соғыстың салдарынан келген жетімдік, әкенің орны жоғары бағаланды. Ең алдымен ол әкенің өз баласына рухани жақындығымен, оның өміріне деген жауапкершілікпен өлшенді. Ересектер баланы тәрбиелей отырып солар арқылы өзі де тәрбие алады, баладан бақытты, қамсыз, уайымсыз болуды үйренеді. Оған сай бала да үлкеннен ересектікті, төзімділікті, үнемі жоғалтудың трагедиясын түсінеді. Сөйтіп, ұрпақтың жалғастығы үнемі динамикалы дамып отырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бала – қай қоғамда да ең маңызды әлеуметтік-демографиялық топтың өкілі. Олар үздіксіз тарихи процесті қамтамасыз етіп, мәдениеттің өзгеруі мен дамуына негіз болады. Қазіргі кезде балалық шақ тақырыбын теориялық-әдіснамалық тұрғыда әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде кешенді қарастыру қолға алынған. Балалық шақ әлеуметтік-философиялық проблематика (адамзат проблемасы, оның тұрмыс-тіршілігі, қоғамдағы орны, тұлғалануы) баланың өсіп, қалыптасуының құндылық-онтологиялық аспектісін айқындайды. Осы ретте, балалық шақ, бала өмірі абстрактілі түсініктен, объективті ақиқатқа айналады. Балалық шақ – адам өмірінің тұтас әрі бірегей кезеңі. Бұл бала өмірінің табиғи, генетикалық, өмірбаяндық, әлеуметтік, тарихи кезеңдерінің жүйесі. Ендеше, баланың өсіп-жетілуінің, саналы ұрпақ ретінде қалыптасуының алғышарттары қоғамның әр саласында қамтылуы тиіс. Бала өзінің әлеуеті жағынан қоғамдағы жалпы заңдылықтар мен норманың орнығуына ықпал етеді. Бұл әдебиеттегі тұлғалық болмыстың өрістеуіне жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Яновский В. Елисей кеңістігі. Естелік кітап. – Litres, 2017. – 1378 б.
- 2 Толстой Л. Зерттеулер. Мақалалар. – СПб.: СПбГУ, - 2009. – 952 б.
- 3 Rivkin J., Rayan M. Literary theory. An anthology. – Blackwell Publishing, 1998. – 400 p.
- 4 Топоров В. Орыс әдебиеті тарихынан. Зерттеулер, материалдар, жарияланымдар. – Litres, 2018. – 890 б.
- 5 Бахтин М. Таңдамалы. Т.1. Эстетикалық жағдаяттағы автор және кейіпкер. – М.: Гуманитарлық орталық, 2020. – 400 б.
- 6 Твардовский А. Бунин туралы/ Шығармалар жинағы. 6 том. Том. 5. – М.: Көркем әдебиет, 1998. – 578 б.
- 7 Бунин И. Шығармалар жинағы. 6 том. Т.6. - Москва: Көркем әдебиет, 1998. – 719 б.
- 8 Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние: Ғұмырнамалық роман. - Алматы: Тамыр, 1999. – 624 б.
- 9 Эпштейн М. Постмодерн. Әдебиет және теория. – М.: Издание Р.Элинина, 2010. – 375 б.
- 10 Айтматов Ш. Ақ кеме. Құрастырған О.Асқар. – Алматы: Балауса, 2006. – 480 б.
- 11 Bishop E. Author and the Rhetoric. – Norton, 1987. – 385 p.
- 12 Иванов В. Семиотика және мәдениет тарихы туралы таңдамалы еңбектер. 3. Т.

Салыстырмалы әдебиеттану. – Litres, 2017. – 830 б.

Материал 02.06.2024 баспаға түсті

Детство: эволюция формирования самосознания

Қ.М. Байтанасова

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, 010000, Республика
Казахстан

Детство – это период, когда человек начинает познавать окружающий мир. Это не только определенный период развития человеческой жизни, в котором представители каждой нации формируются в различных социальных, культурных и бытовых условиях определяя тем самым облик будущее нации. С точки зрения социологии детство как постоянная и сменяемая естественным образом часть общества, также активно взаимодействующая с обществом и отдельными его элементами. Цель статьи – выявить формы дифференциации путем выбора реальности жизни писателя согласно социальной среде и эпохе, путем удаления реальности образа ребенка из жизни и перехода в мир художественного. Таким образом собирается создания полноценного образа, возвышающего от образа ребенка до самостоятельного человека в художественном произведении. Писатель создает, персонализирует художественный образ ребенка. Ребенок еще в детстве начинает адаптироваться к социальной среде, осваивая определенные жизненные принципы, навыки, связанные со знаниями и ценностями, стремится к полноценной личности. Итого художественный образ возникает на каждом уровне литературного произведения. Детский персонаж – это динамичный образ, развивающийся в пространстве литературного произведения.

Ключевые слова: детство, период, социум, общество, история, среда, ценность.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Яновский В. Елисейские поля. Книга памяти. - Litres, 2017. – 1378 с.
- 2 Толстой Л. Исследования. Статьи. – СПб.: СПбГУ, – 2009. – 952 с.
- 3 Rivkin J., Rayan M. Literary theory. An anthology. – Blackwell Publishing, 199857
- 4Топоров В. Из истории русской литературы. Исследования, материалы, публикации. – Litres, 2018. - 890 с.
- 5 Бахтин М. Избранное. Т.1. Автор и герой в эстетическом событии. – М.: Центр гуманитарных инициатив, 2020. – 400 с.
- 6 Твардовский А. О Бунине/ Собрания сочинений в 6-ти томах. Том. 5. – М.: Художественная литература, 1998. – 578 с.
- 7 Бунин И. Собрание сочинений. В 6-ти томах. Т.6. - Москва: Художественная литература, 1998. – 719 с.
- 8 Жұмаділов Қ. Чудесный мир: Мемуар. - Алматы: Тамыр, 1999. – 624 с.
- 9 Эпштейн М. Постмодерн. Литература и теория. – М.: Издание Р.Элинина, 2010. – 375 с.
- 10 Айтматов Ш. Белый поход. Сост. О.Аскар. – Алматы: Балауса, 2006. – 480 с.
- 11 Bishop E. Author and the Rhetoric. – Norton, 1987
- 12 Иванов В. Избранные труды по семиотике и истории культуры. Т.3. Сравнительное литературоведение.- Litres, 2017. – 830 с.

Материал поступил в редакцию журнала 02.06.2024

Childhood: the evolution of the formation of selfawareness

K.M. Baitanasova

Candidate of philology, prof.

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

Childhood is the period a person begins to learn about the world around him. This is the time in which representatives of each nation are formed in different social, cultural and living conditions, thereby determining the appearance and future of nation. From the point of view of sociology, childhood is a permanent and naturally changing part of society, which also actively interacts with society and its individual elements. The purpose of the article is to identify forms of differentiation by choosing the reality of the writers life according to the social environment and era, by removing the reality of the image of a child from life and moving into the artists world. In this way, a full-fledged image is created, elevating it from the image of a child to an independent person in a work of art. Childhood is a phenomenon that changes throughout history in various cultural and social aspects. The theme of childhood formed the basis of many works of art in the literature of the peoples of the world. The image of a child is torn away from the real woman and transferred to the world of works of art, becoming an object of differentiation that chooses the reality of life according to the social environment and era. At the same, time, the writer personalizes and completely creates an image of the individual. Even in childhood, a child begins to abart to the social environment, mastering certain life principles, skills related to knowledge and values and strives for a full-fledged human personality. A child's character is a dynamic image that is constantly evolving in the space of a literary work.

Key words: childhood, period, society, history, environment, space, value.

REFERENCE

- 1 Janobskiy C. Polj Eljceiskie. Kniga pamjati. Litres, 2017.
- 2 Tolstoj L. Issledobania. Statji. – CPb.: CPbGY, 2009.
- 3 Rivkin J., Rayan M. Literary theory. An anthology. Blackwell Publishing, 1998
- 4 Toporov B. Iz istopi russkoi literaturi. Issledobania, materialy, publikashi. -Litres, 2018.
- 5 Baxtin M. Izbrannoe. T.1. Abtor I qeroi b jstetihseskom sobjtii, 2020.
- 6 Tbardovskij A. O Bunine/Sobranja sihsinenji b 6-ti tomahs. T. 5. Shudogestbennja literatyra, 1985.
- 7 Bunin I. Sobranja sihsinenji b 6-ti tomahs. Shudogestbennja literatyra, 1998.
- 8 Zhumadilov K. Tanqfagaip dynie: Gymirnamalik roman. Almaty, 1999.
- 9 Jpshtein M. Postmodern. Literatura i teorja. Izdania R.Jlinina, 2010.
- 10 Aitmatov Sh. Ak keme. Kyrastirgan O.Askar, Almaty, 2006.
- 11 Bishop E. Author and the Rhetoric. Norton, 1987.
- 12 Ibanov B. Izbrannje Trudi po semionike i istorji kulturj. T.3. Srabnitelnoe literaturobedenle. Litres, 2017.

Received: 02.06.2024